

2026 жылғы ақпандағы Қазақстандағы жылылық рекордтары мен қалың қар жаууы

Қазақстанда **2026 жылдың ақпан айы** құбылмалы әрі қарама-қайшылықты ауа райымен сипатталды: рекордтық жылылық пен жаңбырдан бастап, қалың қар мен бұрқасынға дейін ауысып тұрды. Жалпы алғанда, еліміздің басым бөлігінде ауа температурасы *климаттық нормадан 1-6° жоғары болды*, батыс және солтүстік өңірлерде *норма шамасында* байқалды, тек Батыс Қазақстан облысының қиыр батысында ғана температуралық фон әдеттегіден төмен болды. Еліміздің басым аумағында жауын-шашын мөлшері *нормадан 1,3–6 есе көп* түсті.

Айдың басында еліміздің басым бөлігі белсенді циклондық әрекеттің ықпалында болды. Қазақстан аумағы арқылы өткен атмосфералық фронттар қалың жауын-шашын тудырды. Мысалы: 06 ақпанда Астана МС-да (метеостанциясында, Ақмола облысы) бір тәулікте қар түрінде 23 мм жауын-шашын түсті, бұл ақпан айының айлық нормасынан (норма 17 мм) асып, бір күннің ішінде бүкіл айлық норманың 135%-ын құрады, Ақкөл МС-да да түскен жауын-шашын айлық нормадан (16 мм) асып, 21 мм-ді құрады, ал Степногорск МС-да 14 мм (норма 13 мм) тіркелді. Түркістан облысында 09-10 ақпанда Ащысай МС-да екі күн ішінде 91 мм жауын-шашын түсіп, айлық нормадан (74 мм) 23%-ға асып кетті.

Кезеңнің басында еліміздің оңтүстігі, кейіннен шығыс өңірлері Иран аудандарынан келген жылы ауа массаларының ықпалында болып, бұл ауа температурасының рекордтық көрсеткіштерге дейін жоғарылауына әкелді. Атап айтқанда: 02 ақпанда Шымкент МС-да ауа температурасы +15,6°C-қа жетіп, 2021 жылғы рекордты (+14,5°C) жаңартты. 04 ақпанда Қызылорда МС-да температура +13,4°C құрап, 2003 жылғы рекордтан (+12,9°C) асты, Түркістан МС-да +17,5°C тіркеліп, бұрынғы 2003 жылғы рекордтық көрсеткіштен (+16,4°C) жоғары болды, 06 ақпанда Павлодар МС-да термометр бағандары +2,8°C белгісіне жетіп, 2006 жылғы максимумнан (+2,3°C) асып түсті, Өскемен МС-да +4,7°C көрсеткіші тіркеліп, 2001 жылғы бұрынғы рекордтан (+3,0°C) жоғары болды.

Екінші онкүндікте ауа райын циклондар мен атмосфералық фронттар анықтады, бұл әсіресе еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында қалың жауын-шашынға себеп болды. 11 ақпанда Рыскулова МС-да (Түркістан облысы) өте қалың қар жауып, 39 мм түсті (айлық норма 97 мм). 12 ақпанда Балқаш МС-да (Қарағанды облысы) бір күнде 10 мм жауын-шашын түсіп, бұл іс жүзінде айлық нормаға (норма 12 мм) жуықтады. Сол күні Тараз МС-да (Жамбыл облысы) 35 мм қалың жауын-шашын тіркелді (айлық норма 36 мм), 19 қпанда Қарауыл МС-да (Абай облысы) 15 мм қалың жауын-шашын байқалып, айлық нормадан екі есе асып кетті (норма 7 мм). Осы кезеңде де жаңа температуралық рекордтар тіркелді: 14 ақпанда Ақтау МС-да (Маңғыстау облысы) температура көрсеткіші +17,2°C құрап, 2024 жылғы рекордтан (+14,1°C) асты. 15 ақпанда Түркістан МС-да термометр бағаны +22,0°C белгісіне жетіп, 2004 жылғы максимумнан (+20,8°C) асып түсті.

17–18 ақпанда Ақтау МС-да рекордтар тағы да жаңарды: 17 ақпанда $+11,4^{\circ}\text{C}$ тіркеліп, 1978 жылғы көрсеткіштен ($+17,0^{\circ}\text{C}$) жоғары болды, ал 18 ақпанда ауа температурасы $+13,0^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтеріліп, 2022 жылғы рекордты ($11,4^{\circ}\text{C}$) жаңартты, 18 ақпанда тағы 3 станцияда рекорд орнады: Павлодар МС-да $+3,4^{\circ}\text{C}$ тіркеліп, 1983 жылғы бұрынғы рекордтан ($+0,5^{\circ}\text{C}$) асты; Семей МС-да термометр көрсеткіші $+5,6^{\circ}\text{C}$ -қа жетіп, 1943 жылғы максимумнан ($+3,3^{\circ}\text{C}$) асып түсті, Көкшетау МС-да $+0,8^{\circ}\text{C}$ көрсеткіші тіркеліп, 1978 жылғы бұрынғы рекордтан ($+0,1^{\circ}\text{C}$) жоғары болды, 19 ақпанда Алматы МС-да термометр бағаны $+23,6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтеріліп, 1859 жылдан бергі бүкіл бақылау тарихындағы ең жоғары рекордты жаңартты (бұрынғы рекорд 1979 жылғы 17 ақпанда тіркелген және $+19^{\circ}\text{C}$ -ты құраған болатын).

Ақпанның үшінші онкүндігінде солтүстік суық антициклонның ықпалымен Қазақстанның басым бөлігінде жауын-шашынсыз, тұрақты аязды ауа райы орнады. Орташа онкүндік ауа температурасының нормадан ауытқуы еліміздің басым бөлігінде *нормадан $1-10^{\circ}$ төмен* болды. Солтүстік жартысында және шығысында ауа температурасы кей күндері $-30-39^{\circ}\text{C}$ -қа дейін төмендеді, алайда минималды ауа температурасы бойынша рекордтар тіркелген жоқ.

Тұтастай алғанда, 2026 жылдың ақпан айы жауын-шашынның көптігімен, синоптикалық процестердің жиі алмасуымен және айтарлықтай температуралық ауытқулармен сипатталып, өзіне қысқы құбылыстарды да, аномальді жылы кезеңдерді де біріктірді.

Астана қаласында айлық орташа ауа температурасы $-11,4^{\circ}\text{C}$ -ты құрады, бұл айлық норма $-13,6^{\circ}\text{C}$ болғанда, *нормадан $2,2^{\circ}$ жоғары*.

Ең жоғары ауа температурасы 18 ақпанда байқалып, $+2,1^{\circ}\text{C}$ -ты құрады. Ең төменгі ауа температурасы 27 ақпанда тіркеліп, $-28,7^{\circ}\text{C}$ -ты құрады.

Бір айда 47 мм жауын-шашын түсті, бұл айлық норма 17 мм болғанда, нормадан шамамен үш есе (275%) көп болып табылады.

Гидрометорталық директоры

М. Шмидт

АРҰМББ басшысы

Ж. Исабекова

✉ АРҰМББ жетекші инженері Тоқтарова А.
Аударған: техник Смағұлова Л.